

**Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша
білім бөлімінің «Балауса» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК**

**Бөбекжай білім беру қызметін өзін – өзі бағалауды ұйымдастыру және
өткізу туралы педагогикалық кеңестің**

№3 Хаттамасы

29.01.2025

Қатысқаны – 22 педагог

Күн тәртібінде:

Бөбекжайдың өзін – өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі
жұмыстардың қорытындысы.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша бөбекжай директоры А.Н.Севепова сөз сөйлеп, 2024 – 2025 оқу жылының 5 қаңтар мен 29 қаңтар аралығында Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылға 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығы негізінде бөбекжайдың 2022 – 2023жж, 2023 – 2024жж, 2024 – 2025 оқу жылдарының білім беру қызметіне өзін – өзі бағалауды өткізгені туралы есеп берді.

1. Севепова Айнұр Нуратдиновна – бөбекжай директоры, төрайымы;
2. Бердикулова Гүлшат Қосаевна – әдіскер, комиссия төрайымының орынбасары;
3. Демеева Ақжайық Ибрагимовна – тәрбиеші, комиссия мүшесі;
4. Есқалиева Мөлдір Наушабаевна – дене шынықтыру нұсқаушысы, комиссия мүшесі;
5. Смагулова Гакку Джамбуловна – қазақ тілі маманы, комиссия мүшесі;

Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығының әдістемелік ұсынымдарының 1,2,3,4,5 – қосымшалары негізінде 2022 – 2023жж, 2023 – 2024жж, 2024 – 2025 оқу жылдарын қамти отырып, жұмыстар жүргізілгендегі айтылды.

Атап айтқанда комиссия бағалау өлшемшарттарына сәйкес, білім беру ұйымының жұмыстарына толық мониторинг жүргізді. Сонымен қатар бөбекжай туралы мәліметтер, құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттар, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасы, лицензия хабарламалар және бағалау өлшемшарттарының қосымшаларына сәйкес сандық, сапалық көрсеткіштердің есебі толтырылғаны айтылды.

Телеграмм каналда бөбекжайдың педагог қызметкерлері мен мектепалды тобының ата – аналарына арналған сауалнама жүргізіліп, қорытындысы таныстырылды.

Өзін – өзі бағалау қорытындысы есебімен комиссия мүшесі А.Демеева таныстырып өтті.

Шешім:

1. Өзін – өзі бағалау өлшемшарттарының 4 – қосымшасына сәйкес 39 балл «жақсы» деп танылсын.
2. Өзін – өзі бағалау қорытындысы бойынша тиісті құжаттар бөбекжайдың ресми сайтына жарияланып, Маңғыстау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне бөбекжайдың ресми сайтының сілтемесі көрсетіле отырып, ағымдағы жылдың 5 ақпанға дейін хат жолдансын.

Педкеңес төрайымы

Педкеңес хатшысы:



А.Севепова

Б.Тобышова